

№5 қамқоршылық кеңестің хаттамасы
«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК Шет ауданы Ақадыр кенті

Күн тәртібі:

Өткізілген: 11 мамыр 2025 жыл

Қатысқан ата – ана саны – 28

Тақырыбы: Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.
2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Медицина қызметкері мен дене шынықтыру нұсқаушысы жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін шынықтыру шаралары туралы баяндады. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таза ауадағы ойындар, таңғы жаттығулар, су және ауа процедуралары, спорттық сайыстар, серуендер мен қимылды ойындардың жүйелі түрде ұйымдастырылатыны айтылды.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері жазғы сауықтыру жұмыстарының балалардың денсаулығын нығайтудағы маңызын атап өтіп, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ұсынды.

Шешім қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес шынықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру қамтамасыз етілсін.
3. Қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілетін мәдени-көпшілік, спорттық және танымдық іс-шараларды ата-аналармен және қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе ұйымдастыру жоспарын таныстырды.

Талқыланды:

Кеңес мүшелері мерекелік іс-шаралар, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар мен экологиялық акцияларды бірлесіп өткізудің тиімділігін атап өтті.

Шешім қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Іс-шараларды өткізуге ата-аналар қауымдастығы мен қамқоршылық кеңес мүшелері белсенді түрде тартылсын.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен белсенді қатысуын қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы кеңестің оқу жылы ішінде атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Есепте тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайтуға қолдау көрсету, қайырымдылық және қоғамдық бақылау жұмыстары, ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту бағытында атқарылған жұмыстар қамтылды.

Талқыланды:

Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстардың нәтижелерін оң бағалап, алдағы кезеңге арналған міндеттер мен ұсыныстарды қарастырды.

Шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары туралы есеп қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кеңестің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілсін.
3. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК

Меңгерушісі

Хатшы:



Қ.Д.Бактыбаева

М.Т.Салғиева